

Педагогтармен семинар.

«Адамгершілік рухани тәрбие арқылы шығармашылық  
жолдарын дамыту»

Өткізген педагог –психолог Исаева Айнур.

## Педагогтармен семинар.

«Адамгершілік рухани тәрбие арқылы шығармашылық жолдарын дамыту»

Мақсаты: Педагогтардың рухани адамгершілік қасиеттерін және ұйымшылдығын дамыту, ұжымдағы өзара қарым-қатынастарын ынтымақтастықтарын арттыру.

Міндеттері: Топтық құрылым және процесстерді дамыту, ұжымда жағымды топ ішілік ахуалды қолдау. Ұжымдағы психологиялық қысымды алу және жағымды қатынас орнату.

Адамгершілік – бұл рухани тәрбие. Адамгершілік-адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын елін, отбасын сүйуге үйретеді. Егер адамда адамгершілік қасиет болмаса, ол адам өз-өзін сыйламайды «.Адамгершілікке тәрбиелеу құралы-еңбек пен ата-ана үлгісі» деп Ы.Алтынсарин атамыз айтқандай, құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың туылған кезінен басталуы керек.

«Сыңарын тап» ойыны.

Педагогтар жерде шашылып жатқан түрлі-түсті қолғаптарды бір-бірлеп алып, сыңарын іздейді, сыңарын тапқандар топтасады, және топтасу арқылы екіге бөлінеді.

«Резюме» тренингі.

Педагогтар шеңберге жиналады ортадағы себеттен өзіне ұнаған қағаздарды алып, өзінің креативті резюмесін 2 минут уақыт ішінде жазып, өзін таныстырады.

«Біз біргеміз» тренингі.

Педагогтар ортаға жиналады арнайы үш түсті мата беріледі, осы матадан қимыл-қозғалыс арқылы пантомимика арқылы шаш өргендей өрнек жасап шығарамыз, әуен ойнап тұрады.

Дәстүрден тыс дебат «Адамгершілік асыл қасиет тамшысы»

Мақсаты: педагогтардың креативті ойлауын дамыту, сөздік қорларын кеңейту, шығармашылық жолдарын арттыру.

Новатор-идея айтушы.

Сподвижник-идеяны жалғастырушы.

Комформист-екі жақтыңда идеясын жақтаушы.

Консерватор-алға жылжығысы келмейді.

Критик –идеяға қарсы шығушы.

Аналитик-идеяны қорытындылаушы.

Новатор идеясы 1. Балабақшадағы балаға адамгершілік қасиет қажет пе?

2. Балабақшадағы бала өміріне ұялы телефоның маңыздылығы «Күрек» жаттығуы.

Мақсаты: Топтағы ауызбіршілікті ығайту, адамгершілік қасиетті арттыру, бір-біріне сенім білдіруді дамыту.

Педагогтарға жан-жағына жіптер байланған күрек беріледі, жіптің шетінен бір-бірлеп ұстап, мимика арқылы жерде жатқан теннис шаригін күрекке салып белгіленген межеге дейін апарып, арнайы ыдысқа салу керек.

Адамгершілік –асыл қасиет адам аз ғана өмірде бір-бірімен сыйластықта, жақсылықта өмір сүруге талпынса өмірімізде нұрлана түседі. Біреудің кемшілігін ғана емес, жақсылығында көре білу керек. Біреуге қарап сұқ саусағыңды көрсетсең қалған үш саусағымыздың өзімізге қарайтынын көбіміз байқамаймыз. Ендеше Хорес Ратледждің әдемі сөзіне назар аударайық егер өмірге тар көзбен қарасаң, ол соншалықты тар, оған жиіркенішпен қарасаң, соншалықты жиіркенішті, оған жарқын, кең дос көңілмен қарасақ қаншама тамаша адамды табасың.

Маржан сөздер сыр шертеді.

Алдарыңызда екі қағаз бар онда екі түрлі сөз жазылған,әр топ өздеріне берілген пікірдің мән-мағынасын ашып беру керек және әр топ бес мақалдан айту.

1 топқа Адамда жақсы қасиет болмаса,оған бақта,бақытта қонбайды.Ж.Баласағұни.

2 топқа Адамның адамгершілігі –ақыл ғылым,жақсы ата-ана ұлағатты ұстаздан болады.А.Құнанбаев.

«Адамгершілік тәрбиенің айнасы»символын құрастыру.

Ортадағы үстел үстінен педагогтар өздеріне қажетті құралдарды алып,әр топ 5 минут уақыт ішінде символ жасап шығарады.

Мысалы адамгершілік сиволын күн,мұнара,гүл,ағаш етіп жасауға болады.

«Айтуға тәуекел ет» техникасы.

Әрбір педагог бір карточкадан алып,өзі таңдаған пеагогтың атын жазып,сізге осындай бір адамгершілік қасиет жетпей тұр деп жазып арнайы киндердің жұмыртқаларына салады,бұл техника жасырын түрде болады,оқып жарияланбайды тек психолог сол адамды өзі шақырып айтады.

Ақан Сері айтқан «Мен үш қасиетімді мақтан тұтам.Олар жалған айтпадым,жақсылықты сатпадым,ешкімнен ештеңе қызғанбадым.

Адамгершілік-бір адамның екінші адамға сыйлай салатын заты емес,ол өзінің тәжірбиесі арқылы ғана жететін адамның ішкі жағдайы.

Қорытынды бөлім әр педагог өз ойын айтып бүгінгі семинар бойынша бөліседі.